8D02304 – «Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Мансурова Эльнара Жолдашқызының «Қазіргі қазақ повестеріндегі жанрлық және стильдік ізденістер» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	1. 1 Қорғауға ұсынылған диссертациялық зерттеу төмендегідей бағдарламаларға сәйкес келеді: 1) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы) басымдықтарына сәйкес келеді. 2) Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер» ғылыми бағыты бойынша AP26101121 «Қазақ детективі: тарихы, формалары, функциялары» (2025-2027 жж.) жоба аясында орындалған. 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағыттарының бірі – білім және ғылым саласындағы адами капиталды дамыту, педагогикалық ғылымдарды жетілдіру және білім беру сапасын арттыру бағытына, 6D021400 – «Әдебиеттану» мамандығы бойынша кадрлар даярлау бағдарламасы аясында орындалған.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Қорғауға ұсынылып отырған «Қазіргі қазақ повестеріндегі жанрлық және стильдік ізденістер» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс – әдебиеттану ғылымына елеулі үлес қосатын еңбек болып табылады. Себебі мұнда қазіргі

			қазақ повестеріндегі жанрлық және стильдік өзгерістер ғылыми тұрғыда зерттеліп отыр.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Диссертанттың диссертацияны өзі жазу принципі жоғары. Академиялық стильде жазылған жұмыста ұсынылған әдеби талдаулар мен пайымдаулардан, қортындылар мен ғылыми тұжырымдардан диссертанттың өзіндік қолтаңбасы байқалады. Оны мистикалық повесть, повесть-эссе, повесть-ертегі, киноповесть, фантастикалық, сатиралық повестерге жасалған жүйелі талдаулардан көруге болады.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) төмен;	
		4) өзі жазбаған.	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Қорғауға ұсынылып отырған тақырып өзекті. Қазіргі таңда көркем шығармаларда жанрлардың синтезі көп байқалады. Диссертант повесть жанрының қалыптасқан дәстүрлі жолы мен қазіргі таңдағы көркемдік ізденістері мен жаңашылдығын ғылыми тұрғыда саралаған.
		1) **негізделген;**	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толығымен айқындайды. «Қазіргі қазақ повестеріндегі жанрлық және стильдік ізденістер» тақырыбын зерттеуде қазіргі қазақ повестеріндегі жанрлық ізденістер, жанрдың модификациясы, повестердегі жазушылдардың стильдік ерекшелігі жан-жақты талданған.
		1) **айқындайды;**	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Тақырыпты зерттеу барысында алдына қойған мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеуде қазақ әдебиетіндегі повесть жанрының даму тарихы, повестердегі тарихи, әлеуметтік тақырыптар, мистикалық, фантастикалық повесть, повесть-ертегі тәрізді жанрлық түрлері, повесть пен эссе, кино мен повесть, сатира мен повесть жанрларының тоғысуынан туындайтын құрылымдық модификация белгілері, мәтіндегі баяндалу стилінің ерекшеліктері цифрлық мәтінтану құралдарымен анықталған.
		1) **сәйкес келеді;**	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	

		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертацияның барлық бөлімдері логикалық тұрғыдан байланысқан, ішкі бірлік сақталған. «Повесть жанрындағы мазмұндық ізденістер» бөлімінде повесть жанрының даму тарихы мен зерттелуі, қазіргі қазақ повестеріндегі тақырыптық-мазмұндық ізденістер, тарихи және әлеуметтік тақырыптар зерттелсе, «Қазіргі қазақ повестерінің жанрлық модификациясы» бөлімінде мазмұндық модификация (мистикалық повесть, фантастикалық повесть, повесть-ертегі), повесть-эссе, киноповесть, сатиралық повесть тәрізді құрылымдық модификация қарастырылған. «Қазіргі қазақ повестеріндегі стильді анықтаудың аралас талдау үлгісі» бөлімінде қазіргі қазақ повестерінің стильдік ерекшеліктерін цифрлық мәтінтану арқылы талдау және жүйелеу, қазақ әдебиетіндегі детективті, деректі повестерді талдаудың әдіснамасы арнайы зерттелген. Осылайша таралау бірінен бірі туындап, бірін бірі толықтырып отырады.
		1) **толық байланысқан;**	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Автор ұсынған жаңа шешімдер ғылыми тұрғыда дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған. Жұмыстың өн бойынан сыни талдауды молынан кездестіруге болады. Мәселен, сыни талдауды тарихи тақырыпта жазылған Е. Тоқтасынұлының «Сахара үні» (2000), М. Мағауиннің «Қыпшақ аруы» (2004), Ш. Бейсенованың «Сүзгенің соңғы күндері» (2008), Р. Отарбаевтың «Шыңғыс ханның көз жасы» (2014), Ж. Әнесұлының «Ахаң мен Жахаң салған азаттық жолы» (2020), Қ. Әбілқайырдың «Қарағайлы күмбез» (2021) повестерінің жанрлық және стильдік ерекшеліктері туралы талдауларынан көруге болады.
		1) **сыни талдау бар;**	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Қорғауға ұсынылған ғылыми нәтижелер мен ережелер толығымен жаңа болып табылады. Оны әлеуметтік тақырыптарда жазылған Н. Ақыштың «Сезім жетегіндегі
		1) **толығымен жаңа;**	

		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	жігіт» (2010), Т. Ахметжанның «Сұлу мен суретші» (2003), Г. Сәдірқызының «Айбибі» (2025), Қ. Әбілқайырдың «Жүректің көз жасы» (2025) повестері туралы ұсынған тұжырымдары растайды.
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Диссертант әр тараудың соңында ғылыми тұжырымдарын жеке ұсынған. Қазақ повестерінің даму тарихын анықтауда әр дәуірде жазылған С. Сейфуллиннің «Айша» (1922), М. Әуезовтың «Қараш-Қараш оқиғасы» (1927), Б. Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» (1957), Д. Исабековтың «Сүйекші» (1976), «Біз соғысты көрген жоқпыз» (1980), Т. Әбдіктің «Парасат майданы» (2001), А. Елгезектің «Болмаған балалық шақ» (2020), С. Досжанның «Ауылдан шыққан миллионер» (2024) шығармаларын салыстыра зерттеуі орынды.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	7.1 Қорғауға ұсынылған негізгі ережелер дәлелденген. Ұсынған тұжырымдар повесть жанры туралы А. Байтұрсынұлы, Ә. Әзиев, Г. Белинский, Г. Абрамович, В.
		7.1 Ереже дәлелденді ме?	

		1) **дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) **жоқ;** 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) **ия;** 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) **кең** 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1**) ия;** 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	Хализев Қ. Жұмалиев, С. Асылбекұлы, М. Қаратаев, А. Нағметов, Е. Ысмайылов, Ш. Елеукенов, Н. Ақыш, т.б. тәрізді ғалымдардың ғылыми пайымдауларымен дәйектелген. 7.2 Диссертант өзіне дейін айтылған пайымдауларды сол қалпында қайталамайды. Ғылыми мәдениетін сақтай отырып өзіне дейінгі пікірлерге сүйене отырып түйін жасағандықтан қорғауға ұсынылған тұжырымдар тривалды емес. 7.3 Қорғауға ұсынылған тұжырым түйіндер толығымен жаңа. Оны «Қазіргі қазақ повестерінің жанрлық модификациясы» атты екінші тараудағы мистикалық повесть, повесть-эссе, повесть-ертегі, киноповесть, фантастикалық, сатиралық повестердің мазмұндық және тақырыптық модификациясы туралы пікірлері растайды. Мистикалық сипаттағы повестерді талдауда құрылымдық, мифопоэтикалық тәсілдерді Е. Аманшаевтың «Албасты туралы аңыз» (2001), Т. Ахметжанның «Нобель сыйлығы» (2003), Қ. Мұбарактың «Айдың соңғы сәрсенбісі» (2018), Қ. Әбілқайырдың «Жылан кегі» (2020) повестерін талдаумен көрсетуі орынды. 7.4 Қорғауға ұсынылған негізгі ережелердің қолдану деңгейі жоғары. Жоғары оқу орындарының филологиялық мамандықтарында білім алатын бакалавр, магистрант, докторанттарға «Қазіргі қазақ әдебиеті», «Әдебиет теориясы», «Қазақ қазақ прозасы» пәндерін оқытуда және орта және жоғары мектептерге арналған оқу құралдары мен оқулықтарды әзірлеу барысында кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. 7.5 Қорғауға ұсынылған тұжырым, түйіндер жарық көрген ғылыми мақалаларда жарияланған. Диссертация мазмұны халықаралық Scopus және Web of Science деректер

			базаларына енетін ғылыми журналдарда жарияланған 2 мақалада, ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдардағы 3 мақалада жарияланған. Диссертацияның негізгі қорытындылары 5 халықаралық ғылыми конференцияда баяндалған.
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Тақырыпты зерттеу нәтижесінде ұсынған негізгі теориялық тұжырымдары мен түйіндерін дәйектеуде А. Байтұрсынов, М. Қаратаев, Е. Ысмайылов, Ә. Әзиев, С. Қирабаев, Ш. Елеукенов, З. Қабдолов, А. Нағметов, Р. Нұрғали, С. Асылбекұлы, Ж. Жарылғапов, Н. Ақыш сынды зерттеушілер еңбектері мен ғылыми пайымдаулары басшылыққа алынуы орынды.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынғанын «Voyant Tools» жүйесін қолданунан, зерттеу нәтижелері ретінде ұсынылған 10 сурет пен 3 кестеден көруге болады. Сонымен бірге О. С. Төреніязовтың «Өнегелі өмір» (2022), Б. Ілиясов, Д. Шалқаровтың «Ерлікке толы ғұмыр» (2023), К. Сегізбайұлының «Қарттарым, қайран қарттарым» (2024) повестерін талдауда «Деректілік маркерлері» анықталып, «Деректілік-көркемдік» картасы жасалған.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденгенін К. Сәттібайұлының «Тәтті ертегі» (2022), «Әппақ шар туралы әуезе» (2022) повесть-ертегі жанрында жазылған шығармаларды құрылымдық, мифопоэтикалық, жанрлық-салыстырмалық тәсілдерді пайдалана отырып талдауынан, киноповесть жанрында

		педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	жазылған Е. Аманшаевтың «Балкон» (2013), Ж. Қорғасбектің «Өмірден қымбат» (2004) киноповестерін талдаудағы баяндау түрі, жанрлық салыстырмалы талдаулар жүргізілгенінен көруге болады.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге **сілтемелермен расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	М. Мағауиннің «Қыпшақ аруы» (2004) Қ. Жұмаділовтың «Көкжал», Р. Отарбаевтың «Шыңғыс ханның көз жасы», т.б. тарихи повестерді зерттеуде көркем шығармадағы түс көру тәсілін зерттеген Х. Борхес, Ле Гофф, Ю. Лотман, Ю. Манн, М. Бахтин, Н. Томашевский, В. Ванслов, П. Флоренский, Р. Назировтардың пікірлерін басшылыққа алуы орынды.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Тақырыпты зерттеуде отандық және шетелдік повесть жанрын зерттеген ғалымдардың 180 ғылыми зерттеу еңбегі пайдаланылғандықтан жұмыстың ғылыми апараты толық деп бағалауға толық негіз бар.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияның теориялық маңызы жоғар. Мәселен, деректі прозаның теориясын зерттеуде XX ғасырда әдебиеттің теориялық мәселелерін зерттеген сыншылар Р. Уэллек пен О. Уорреннің «Әдебиет теориясы», Б. Томашевскийдің «Теория литературы», Л. Тимофеевтің «Основы теории литературы» еңбектеріне сүйене отырып тұжырым жасауы құптарлық. Осы тұрғыда диссертанттың жұмыстың өн бойында қазақ, орыс, ағылшын тіліндегі зерттеу еңбектерді кеңінен пайдаланғанын, соңғы бес жылдағы ғылыми зерттеулерді басшылыққа алғанын баса айтқанымыз жөн.
		1) **бар;**	
		2) жоқ.	

		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Диссертацияның негізгі тұжырымдары мен нәтижелерін орта және жоғары оқу орнының бардарламаларын дайындағанда, оқулықтар мен оқу құралдарын дайындағанда басышылыққа алуға болады.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертацияда ұсынылған практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады. Диссертант тақырыпты зерттеуде өзіне дейін зерттелген шығармалар туралы ойларын отандық және шетелдік белгілі ғалымдардың пікірлерімен дәйектеп отырғандықтан ұсынған тұжырым-түйіндері құптарлық.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары. Ұсынылып отырған ғылыми жұмыс диссертацияларға қойылатын талаптарға толық жауап береді. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен қысқартулар, анықтамалар талапқа сай жасалған. Оны диссертацияда ұсынылған антропоморфизм тәсіл, мифопоэтика, модификация, т.б. әдеби терминдерге берген анықтамалардан көруге болады.
		1) **жоғары;**	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер	Осындай жетістіктерімен бірге монография шығары барысында ескеретін ұсыныстарымыз бар. 1. Жұмыста бірен-саран кездесетін пунктуациялық, техникалық қателер түзетілсе. 2. Жазушылардың аттары бірде толығымен, енді бірде қысқартылып берілген (Мұхтар Мағауин, М. Мағауин), алдағы уақытта осындай әркелкілікті біріздендіру керек. Алайда бұл айтылған кемшіліктер, толығымен аяқталған, өзіндік айтары бар жұмысқа нұқсан келтіре алмайды.	
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр	Зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған мақалалардың деңгейі жоғары. Мақалаларда қазақ және тува әдебиеті мәтіндеріндегі эмоциялардың жиілігі, мәдени контекстегі детектив жанрының эволюциясы: қазақ, поляк және батыс әдебиетін салыстырмалы талдау, қазақ повестеріндегі мазмұндық, түрлік ізденістер, мистикалық повестердегі мотивтер, қазіргі қазақ әдебиетіндегі детективті повестердің жанрлық ерекшелігі, қазіргі қазақ повесінің негізгі жанрлық ерекшеліктері, А. Елгезек «Болмаған балалық шақ» повесінің микропоэтикасы, қазіргі қазақ повестерінің негізгі ерекшеліктері, қазіргі қазақ повесінің микропоэтикасы, Н. Ақыш прозасындағы балалар әлемі:	

	мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	көркемдік және танымдық қырлары тиянақты зерттелген. Диссертация тақырыбы бойынша 10 ғылыми мақала жарияланған. Зерттеу нәтижелері: – Scopus/Web of Science деректер базаларына енетін ғылыми журналдарда – 2 мақала; – ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда – 3 мақала; – халықаралық ғылыми конференциялар материалдарында – 5 баяндама жасалған. Ғылыми жарияланымдар зерттеудің негізгі нәтижелері ғылыми басылымдарда жарияланып, халықаралық конференцияларда баяндалғанын көрсетеді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Мансурова Эльнара Жолдашқызының 8D02304 – «Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазіргі қазақ повестеріндегі жанрлық және стильдік ізденістер» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес орындалған. Зерттеу – алдына қойған мақсат, міндеттеріне жеткен, өзіндік айтары бар толық аяқталған жұмыс.

Шешім: Мансурова Эльнара Жолдашқызының 8D02304 – «Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазіргі қазақ повестеріндегі жанрлық және стильдік ізденістер» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады.

Ресми рецензент:

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
С.Қирабаев атындағы Қазақ әдебиеті кафедрасының оқытушысы,
философия докторы **Ж.Саметова**

КАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫ
УПРАВЛЕНИЕ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ

РАСТАЙМЫН: «Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ
КАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ
ЗАВЕРЯЮ РУКОВОДИТЕЛЯ
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ
НАО «КазНПУ им Абая»
ҚОЛЫ
ПОДПИСЬ_____